

Ұйымдастырушылар: Қызмет көрсету бөлімі

Іс-шараға қатысушылар, саны: 18 оқырман

Өткізілген орны: Оқу зал

Өткізілген уақыты: 23 қараша, сағ 11-00.

Іс-шараның мақсаты: Оқырмандарға Елбасымыздың сан қырлы талант иесі, құдіретті тұлға екенін таныту. Халқымызды әлемге танытып, Алаш баласының абыройын асқартқан, Елін сүйген, елі сүйген Елбасыдан үлгі алуға тәрбиелеу.

Мемлекет басқару ісі-машақатты да, мәртебелі міндет. Басшы басқарған ел- ең бай мемлекет, халқы ең бақытты халық. Елімізде биыл төртінші жыл 1- желтоқсан Елбасы күнін атап отудеміз. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев әрдайым халықпен бірге, ол өз халқына үлкен қамқорлық көрсетеді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік басшысы-мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін лауазымды тұлға. Мұндай қосбасшымыз бар біздің болашағымыз айқын!

Елбасы күніне орай біздің арнайы кітапханамыз «Бір Отан! Бір тағдыр! Бір Елбасы!»

атты (1 желтоқсан Елбасы күніне) орай үлкен іс-шара өткізді. 1991 жылы желтоқсанның 1-інде тұңғыш рет Қазақстан Республикасы Президентінің жалпыхалықтық сайлауы болып өтті. Сайлау нәтижесінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев басым дауыспен жеңіске жетті. Нұрсұлтан Назарбаев президент болғалы аз уақыт ішінде қаншама жетістіктерге

колымыз жетті. БҰҰ-ға мүше болдық, республикамыз әлемдегі бәсекеге қабілетті 50-елдін қатарына енді, ана тілімізге мемлекеттік мәртебе берілді, мемлекеттік Рәміздеріміз белгіленіп, Ата заңымыз қабылданды, Ұлттық валютамыз шығарылды. Ел тәуелсіздігіне 20-жылдан астам уақыт өтті. Еліміздің абырой-беделінің артуына Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың әлемдік қосбасшылармен арада қалыптасқан жеке достық қарым- қатынастары он ықпал етеді. Мемлекет басшылары Қазақстан Президентінің ядролық қарусыздандыру, бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту, дінаралық диалогты жолға қою салаларындағы ғаламат еңбегін мойындайды.

Біздің Елбасымыз- білімділігімен, парасатты саясатымен, тәжірибесімен бәрі адамзатты болашаққа бейбіт жолмен жетуге шақырған үлкен тұлға. Кітапхананың оқу залында өдеттегідей оқырмандар көп жиналды. Кітапхананың ақпараттық автоматтандыру бөлімі дайындаған Елбасы жайлы деректі фильмді оқырмандар назарына ұсынылды. Елбасының кітаптарынан тұратын үлкен қорға ұйымдастырылды. Қорғаға дыбысталған, жазық баспалы және нүктелі бедерлі кітаптар қойылды. Елбасымыздың бейнесі кіші қалыпты мұсінде қойылды. Нәтижесінде көптеген кітаптар сұранысқа түсті. Іс-шара өте тартымды әрі қызықты өтті.